Қ А З А Қ С Т А Н Р Е С П У Б Л И К А С Ы
А Т Ы Н А Н Ш Е Ш І М

2025 жылы 10 шілде іс №5930-25-00-2/1350 Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші сот Ә.Ж. Күлжанова,
талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) электрондық форматта қарастырды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің Явленка ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Мейіржан Еркінұлы Сейтов «Mir Stroi» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

АІЖК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отыра, сот:

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің Явленка ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мейіржан Еркінұлы Сейтов «Mir Stroi» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Мейіржан Еркінұлы Сейтов «Mir Stroi» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мейіржан Еркінұлы Сейтов «Mir Stroi» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 15 026 (он бес мың жиырма алты) теңге 34 тиын тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Мейіржан Еркінұлы Сейтов «Mir Stroi» жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет кірісіне 2417 (екі мың төрт жүз он жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы.

Соттың шешіміне, осы шешімнің күшін жою туралы арыздың мерзім аяқталғаннан кейін, егер арыз берілген жағдайда, сот сол арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылған кезде бір ай ішінде Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья Ә.Ж. Күлжанова

Құжатқа қол қойылған: Кульжанова А. Ж., 10.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2025, судья Кульжанова А. Ж., 19.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5930-25-3-1/1335